




БАҚЫТ
МУСТАФИН

ҚҰРМАНҒАЛИ
СҰРАҒАНОВ



БАҚЫҒ
МҮСЛІАФШИ

ҚҰРМАНҒАЛИ
СҰРАҒАНОВ

ОЧЕРК

«Жалын» баспасы,
Алматы — 1977

Мұстафин Бақыт.

М86

Құрманғали Сұрағанов. (Очерк).

Алматы, «Жалын»,

1977.

28 бет.

Қаз 2.

Бұл кітапшада журналист Бақыт Мұстафин Солтүстік Қазақстан облысының атақты диханы Социалистік Еңбек Ері Құрманғали Сұрағанов туралы сыр шертеді. Оның еңбек жолы, жастарға деген ыстық ықыласы мен қамқорлығы, еңбекке көзқарасы жылы да жатық баяндалады.

22742

ИБ № 29

М $\frac{10903-143}{408(07)77}$ 39-77

© «Жалын» баспасы, 1977

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА



Күзгі түн. Дала төсінде көз шырмалып қалған бейуақ мезет еді. Батыс беткейден қызыл арай сілемі де сейіліп, кеудеге салқын самал әкелгендей болады. Жібектей желпіп жұмсақ аймалайды жүзіңді. Сонысының өзі мына даланың бүгінгі тынысынан тіпті жаз әуенін әкетпеген сияқты. Мизам ұшқан мамыр күздің мейірі осынау түн құшағынан да аңқып тұрғаны анық-ты. Дикан қауымының «қалаулы шақ» деп қуанар сәті бұл. Иә, сәтті шак. Әр минутына дейін қымбат баланар қауырт қарбас. Даладан оралып келе жатқан Құрманғали осы орақ жайын қатты ойлайды. Жұмсақ жүріспен жолдың ойлы-шұқырлы жерінде ырғалып қана өтіп, жеңіл сырғып зулаған «Москвичтің» қос жарығы қараңғылық омырауын олай бір, былай бір тілгілеп ауылды бетке алып тартады. Күнұзақ қалжыраса керек, ол рульді самарқау ғана ақырын айналдырады.

Алдан ағараңдап үйлер де көрінді. Баян аулының түн көрпесіне кең көсілген шұбалаңқы көшелері ұйқылы тыныспен тымырсық дүниеге дендеп бара жатқан сынайлы. Ауыл аясынан мына түнде сол нөпірлі науқанның ізі де білінбейтінге ұқсайды. Сырт көзге солай. Ал, жіті үңіліп, зер салсаңыз ауыл түні бойы дамылсыз, түні бойы кірпік ілмей дала төсіндегі комбайндардың қалың дүбіріне құлақ түрген сергек қалыпта еді. Қазір ауыл активистерінің бірін де үйінен таба алмайсыз. Күп-түп

демей агрегат басында. Бәрінің де адресі — дала. Қызу қайрат, ерен еңбектің қайнаған ортасы да — дала төсі. Құрманғали да сол әдетке әбден көндігіп, шпырып алған. Алақөбеңнен аттанып кетіп еді, содан үйіне түсте бір соғып, енді түнделетіп келе жатқан беті осы. Қазір жолшыбай комбайншылардың көмекшілерін үйлерінен бір бақылап, олардың да сергектігін тағандап қоймақшы. Комбайншы Елубай Әбілмәжіновтің үйіне қарай тартты.

Есік алдына тоқтай қалып еді, қақпа тез ашылып, арғы жақтан сыптығырдай киініп, буынып-түйінген Жақсылық шыға келді. Өзін әкетуге келген машина деп түсінсе керек. Әй-түйсіз «Москвичтің» есігіне жармасып мінгелі жатыр.

— Ә-ә-ә... Жақсылық, дайын отырсың ба?

— Кеттік, — деп жас жігіт машинаның есігін ашты.

— Жаңа әкеңе соқтым. Ол бір сағатқа шыдайды. Мен тамақтанып алайын. Сосын ала кетемін. Бүгін шық түспейтін түрі бар. Таң атқанша жүреміз.

— Жарады онда. Мен дайын. Онда ана жігіттерге хабарлайын, киініп дайын отырсын.

— Сөйт ендеше...— Құрманғали орнынан қозғалып жүре беріп еді, қараңғыда далбаңдап жүгіріп келе жатқан екі жігітті көрді. Олар да комбайншылардың көмекшілері екен.

— Қазір, қазір. Анда бар, — деп Жақсылық үйін нұсқады да, бөлімше басқарушысы асығып ілгері кетті. Тамақ ішудің өзі атүсті қарбаласқа айналған қауырт кез ғой. Оған қабақ шытып кіртініп жатқан жап жоқ. Бәрі де үйреншікті әдетке айналып қалыптасып алған. Үйге келсе жұбайы Айша да самаурынын ызылдатып, далаға құлақ түрген сергек қалпында отыр екен.

— Жігіттер тосып тұр, тездет шайынды, — деді шешініп жатқан Құрманғали. Айша жеңгей «тағы барарсың ба?» деп сұраған да жоқ, шапшаңдатып дастарқанын әзірлеп жатыр. Орақ кезіндегі мұндай суыт жүрістер

үйреншікті ырғаққа айналғалы қашан. Құрманғалидың техника тізгінін ұстағанына да отыз жыл болып қалыпты. Содан бергі дүкен қаракеті оны да, үй ішін де мұндай науқан нөпіріне тұщындырып-ақ тастаған.

— Жігіттер, әйтеуір, көндікті ме?

— Е, өзіміздің балалар емес пе? Қайда барады дейсің?

— Бәсе.

— Қазір олар тарландардың үзеңгісін қағып жүрген кереметтер болып барады.

— Жеткіншек емес пе, жетілмей тұра алмас!

Биыл алғаш рет комбайн штурвалына отырған жас жігіттердің ә дегендегі кейбір шалағайлықтары бүкіл ауылды шуылдатқаны бар еді. Жұбайы солардың бет-алысын сұрап отыр. Құрманғали ол бір сәттерді күле түсіп қана еске алмаса, қазір тіпті ұмытқан. Жігіттердің өздері еңбегімен, тәртібімен ұмыттырды.

Орақтың алғашқы дуылдаған дабылды кезі ғой. Қомбайндардың бәрі егін оруға кірісіп кеткен. Бірде бөлімше кеңсесіне совхоз директоры Александр Алексеевич Князев келді. Орақ барысымен танысқан соң тосын сұрақ қойды:

— Құрманғали, жұмыстың ұйымдастырылуы бәрі жақсы. Оның дұрыс. Ал, осы егін жинауды неше сағатта бітіресің? — Бөлімше басқарушысы Сұрағанов ойланып қалды. Бұл оның тереңдеп ден қоймаған сұрағы болатын.

— Оны есептегеніміз жоқ.

— Бізбен көршілес «Николаев» совхозы егін жинауды 160 сағатта бітіреміз деп облыс бойынша үндеу тастап отыр. Бұл бізді де ойландыруға тиіс. Біз не деп жауап береміз? Әр сағат қымбат деп айғайды саламыз. Айғайымыз бар. Бірақ сол сағатты есептемеуіміз қалай? Соны ойлайықшы. Николаевтықтар дұрыс істеп отыр. Ол үшін бүкіл техниканы сағат сияқты жүретін болсын, әр сағатың есепке алынсын, — деп Князев жаңа ойла-

рын ортаға салды. Сабырлы жүзімен, салмақты сөзімен ол биылғы орақтың жүйрік есеппен жүргізілетін күрделі науқан екенін ұқтырғандай болды. Сұрағанов та соны мойындағандай ойлана түседі.

— Қомбайндарың тәулігіне неше сағат тоқтаусыз жүреді? — Директор осындай сұрақтармен сүбелеп барады.

— 16—18 сағат.

— Былайша айтқанда комбайншы шаршағанша ғой.

— Солай.

— Ол болмайды. Комбайншыларға көмекші табу керек. Қомбайндар тәулігіне 20—22 сағат жүретін болсын. Сонда ғана біз биылғы бітік егінді ысырапсыз жинап аламыз. Егін тамаша! Ендігі мәселе соны жинап алуды ұйымдастыруда. Екінші сөзбен айтқанда бізге байланысты.

Бұл мәселе Сұрағановты шынында да қатты толғантты. Әріден ойлап қараса директордың пікірі көкейге дөп тиіп тұр. Расында да қапелімде жауын-шашын төпелеп кетсе, кідіріс болмасына кім кепіл. Бұл арада бар амал уақытты, әр сағатты ұтуда болмақ. Бөлімше басқарушысы Құрманғали Сұрағанов, бастауыш партия ұйымының секретары Ахмади Бошатаев, агроном Бірімжан Шайпин осы жайлы көп ойларды сабақтай келіп, биыл мектеп бітірген жастармен ақылдаспаққа тоғысты.

Орта білім алған соң, әрі ұзап оқи алмай, әзірге ауылда бос жүрген бес-алты жасөспірім жігітті кеңсеге шақыртып алып сөйлескенде, әңгіменің алғашқы әлібі Құрманғалиға ұнай қойған жоқ.

— Қомбайншы мамандықтарың бар ма?

— Бар. Мектепте оқығанда алдық.

— Енді неге жұмыс істемейсіңдер?

— Жаңа комбайн берсеңіздер істейміз.

— Бұл талаптарың дұрыс делік, бірақ дәл қазір жаңа комбайн болмай тұр-ау, — деп бөлімше басқарушысы жас ұландардың ынғайына икемделетіндей сынай

білдірді. Жұмсақ жүзбен, жылы шыраймен қанатына қарай қаусырған қамқор қабағы бар.

— Тәжірибелі комбайншыларға көмекші болсаңдар қайтеді?

— Еңбекақысы да жаман емес, комбайншының тапканының 80 проценті.

— Ойланыңдар. Биылғы ораққа араласудың өзі абырой болады түбінде. Қапы қалмаңдар. Қазақстан Отанға 1 миллиард 100 миллион, ал Солтүстік Қазақстан облысы 111 миллион пұт астық тапсырғалы отыр. Бұл біздің тарихымызда бұрын-соңды болмаған цифрлар.

— Дикандарға барлық жағдайлар жасалады. Тамағын да, концертін де, газет-журналын да, тіпті шаштарына дейін агрегат басынан табылады.

— Бәрін де білеміз, — десті балаң жігіттер.

— Ендеше үйлеріңе барып ата-аналарыңа айтыңдар. Ертең жұмысқа шығасыңдар. Әңгіме осымен бітті, — деп соңғы нүктені Бошатаев нығарлап, әлгілерді үйлеріне жіберген.

Бірақ әңгіме мұнымен бітпейті. Көп қиындығы әлі алда екен. Жас жігіттер алғашқы қадамдарында кейде тіпті жоқ жерден сүрініп, дикандарды дінкелетіп, аяқ-қолдарын күрмеп тастағанын қайтерсіз.

— Комбайнды қаңтарып қойып, аңызда ұйықтап жатыр.

— Жатқаны жерге қаптырып қиратыпты.

— Жұмысқа келмей қалды. — Осындай алыпқашты хабарлар да ауыл-үйді аралап кетіп, кейбіреулер күлкіге де айналдырып кеткен.

— Бәрі де үйрену заңы. Ондай-ондай бәрімізде де болған. Тек үйрену жолын тез өтсек болды. Қазір бізге сол қымбат. Осы балалар әкелеріне дем алдырып, бізге комбайнды үш-төрт сағат жүргізіп берсе де олжа, — деп Құрманғали жас көмекшілерге сондай бір қайырымды кейіппен қарап, қамқор көңілін қалтқысыз жеткізу-

ші еді. Кей-кейде дала қосында осы жастармен онаша қалған сәттерінде, сонау соғыс жылдарында темір тұлпар тізгінін ұстап, комбайн, тракторлардың барлық түрін жүргізгенін, көп қиындықтар жайын айтатын. 1968 жылы трактор-егіс бригадасының бригадирі болды, соңғы бес жылдан бері бөлімше басқарушысы. Ауыл ағасы болған соң, бұл мекеннің ертеңін де ерекше тебірене ойлайды. Жас білектердің жеңіл мінезбен ұшып-қонбай туған ауылда қазық байлап байыздап қалуын қалайды көкірегі. Сол үшін жан салады. Сол үшін ерінбей-ақ жас жігіттермен көп-көп әңгіме шертіп, олардың жан сырын тыңдайды.

Жаңа тамаққа отыра беріп, «жігіттер» деп ауызға алуында жас азаматтарға сүйсінген лебізі бар. Әлгінде кездескен Жақсылық Әбілмәжінов, Болат Нұрғожин, Жетпіс Сүгірбаев сияқты комсомолецтерді кеше совхоз директорына мақтап та тастады, жақсы көмекшілер екенін айтты. «Сырттан бір көмек алмай егінді өз кадрымызбен-ақ шашпай-төкпей жинап аламыз», — деді Сұрағанов. Сонда бір жағынан осы жігіттердің жастық қайратына сеніп айтқан. Енді ойласа, жаңылмаған сияқты. Сенім артқан жігіттері орақ дүрмегіне қызына араласып, албырт жүздері күн нұрына тотығып алыпты. Ерлікті аңсаған жас жүректері тун қатып, дән теңізін кешкенді қалайтындай. Соны сезген Сұрағанов мана «жарайсыңдар, жас қанаттар» деп қойды ішінен.

— Мен комбайнға барамын, көмекшілерді апарамын,— деді де Құрманғали шайын ішкен соң, сыртқа беттеді.

— Өздері бармай ма?

— Бүгін комбайндарды таң атқанша тоқтатпау керек болып тұр.

Құрманғали сұр «Москвичке» отырып, қос жарығымен бүкіл ауылдың өн бойын осқылап, жаңағы жігіттердің үйлеріне қарай ойысты. Әлгі жұбайы айтпақшы комбайншы көмекшілерінің өздері-ақ баратып жөні бар.

Оларға бөлінген арнаулы машина да тосып тұр. Бірақ бөлімше басқарушысының көңілі сонау даладағы дабылдың тынымсыз ырғағын тыңдап, самсаған оттардың тұтасқан самала жарығын көргенше асығады. Мына жас жалындардың жанында болып, білікті басшылық кенесімен, ағалық абайлы ақылымен дәйім жақыппан табылуды азаматтық парызы санайды. «Жастар ғой, басшылар бұқтырылып үйінде ұйықтап жатыр», — деп көңілдерінде жеңіл сезім желең беріп жүрмесін. Бұны бекіп, бұғанасы қата қоймаған балғындар емес пе? Әлі де аялы алақан керек бұларға. Лапылдап тұрған кезі ғой. Қамқор қанатыннан шығармасаң ертең-ақ темірдей шынығады. Осындай ойлармен тербеліп отырған бөлімше басқарушысына қасындағы жігіттердің бірі үн қатты:

— Ағасы, қазір бөлімше бойынша қаншадан айналып жатыр?

— 26 центнерден.

— Жоспар қанша еді?

— 16,5 центнерден.

— Мәссаған! Жоспардан әлдеқайда асырып жіберіп-піз ғой. Бізбен жарысатын Брагниннің бөлімшесінде қаншадап?

— Олар 20,2 центнерден.

— Бәсе, біздің бөлімше сілтеген екен-ау. Бұл облыс бойынша жоғары көрсеткіш шығар?

— Совхозда қаншадан?

Жас жігіттер жан-жақтан жамырай сұрақ жаудырып, қадала түседі. Олардың осынау ынтық көңілі Құрманғали жүрегіне жылы тиіп, жаны жадырап келеді. Кім болмасын өзінің сүйікті ісі туралы сұраса бір желпініп қалатыны бар емес пе?! Бөлімше басқарушысы да қазір сондай мінез танытып отыр. Ол егін, жер, диқан туралы әңгіме шертсе, жайшылықтағы тұйық әдетінен өзгеріп сала береді. Жастарға кезек-кезек жүз бұрып, орақ барысы туралы біраз мағлұматты тарқата жөнелді.

Оныпшы бесжылдықтың алғашқы жылындағы орақта Солтүстік Қазақстан облысының диқандары әр гектардан 18 центнерден, ал осы Сергеев ауданында 20 центнерден өнім алып жатыр. Бұл осы өңірдің тарихында тұңғыш рет кездесіп отырған орасан егін!

— Ағасы, осындай егін боларына сендіңіз бе? — деді артта отырған Болат Нұрғожин. Биыл тұңғыш рет комбайнға отырып Аман Нұрахметовтың шәкірті болып жүрген жас жігіт, дәл бір мектеп қабырғасында жүрген күндерін еске түсіргендей арманшыл сұрақ қояды.

— Диқан енебегі әлі де табиғатқа байланысты болып тұр-ау, — деп Сұрағанов еріксіз езу тартады. «Сендім, серттен шықтым» деп мақтана сөйлеуді ыңғайсыз көргені жанарында жалт еткен ұшқыннан белгілі болып қалды.

— Сонда да бір үміт ұшқыны болған шығар? — деп Болат та қоярда-қоймай әңгімені тереңдете түседі.

— Әрине, өз күшімізге сенбесек білекті сыбанып белсенбейміз де ғой. Биылғы егін ерен еңбектің зейнеті екені әркімге аян. Мына жардай тірелген егінді алқапты көрдіңдер ғой. Осы арада кеше көктемде түнді таңға ұластырып, маңдай терді тамшылатып еңбек еткенбіз...

Осы шақ оның көз алдынан көктемнің сол бір қара боран дауылдатқан күндері елестеп өткендей болды.

...Облыстық партия комитетінің мәжіліс залына қарай беттеген Құрманғали Сұрағанов бүгінгі жиналысқа шақырылған кісілердің арасынан өзіне таныс көп адамдарды көрді. Көктемгі егіс қарсаңындағы бұл бас қосуға облыстың атақты диқандары — Социалистік Еңбек Ерлері арнайы шақырылыпты. Агрономдар, бригадирлер, бөлімше басқарушылары, совхоз, колхоз басшылары жүр. Жылдағы дәстүрмен биылғы көктемгі егістің ерекшеліктері мен оны өткізу жайы сөз болмақ. Әңгіме ыңғайы іскерлікті, терең толғанысты аңғартады. Осы жлынға көршілес Қорған облысының әйгілі диқаны екі мәрте Социалистік Еңбек Ері, ВАСХНИЛ-дің құрметті

академигі Терентий Семенович Мальцев арпайы келген екен. Көпшіліктің құмартқаны — аузы дуалы сол атақты адамның сөзі. Құрманғали да осындай ынтық ықыласпен алдыңғы қатарлардың біріне орналасқан.

Сексеннің биігіне шыкса да ширақ жүрісінен жаңылмаған қарт диқан нық басып мінбеге көтерілгенде отырғандар дуылдата қол соғып жіберді. Бұл Терентий Семенович Мальцевтің ерен еңбегіне көрсетілген құрмет болатын. Даусы да санқылдап тұр. Тереннен толғаған ойлары іркілмей түйдек-түйдек құйылады. Қолында жазып алған қағазы да жоқ. Неше түрлі салыстырмалы шифрларды жатқа соғып суылдатады. «Жер қадірін қастерлеген адам осылай болар. Жерге деген осындай сүйіспеншілік бітік өнім бермей қоймас». Құрманғали көкірегінде үлкен ғалым-диқанға деген осы текті ілтипат нұрлана түседі. Оның әр сөзі қатты қызықтырып, бар бейілін баурап алған.

— Табиғаттың қиыншылықтары алдын ала белгі беріп, айтып келмейді. Ол бізді қапы соқтыруы мүмкін. Сондықтан диқанның барлық мұрат-мақсаты — табиғат қиыншылығын жеңе білу. Табиғат дүлейін жеңіп, мол өнім алған диқан нағыз шебердің шебері, оның алдында біз тәжім етіп бас июге тиіспіз.

Терентий Семенович Мальцевтің бұл сөзі сатырлаған қол шапалақтауға көміліп кетті. Сонымен бірге мұның өзі әркімге ой салған, әркімді өз жұмысына тағы бір үнілдірген түйінді пікір еді.

Үзіліс кезінде Сұрағанов қорғандық диқанды әдейі тауып алып жолықты. Терентий Семенович орта бойлы, қызыл шырайлы азаматтың омырауындағы Алтын Жұлдызға абайсыз көз салып өтіп, сондай ықыласты зейінмен құлақ қойды.

— Терентий Семенович, биыл тұқым себуді қай кезде бастаған дұрыс? — деді Құрманғали қарт диқанды пікір таласына шақырғандай үнмен. Мальцев те өз әріптесінің көкейін бірден ұқты.

— Жер құрғап барады деп тұрсын ғой.

— Әрине, солай, Терентий Семенович, тұқым себуді жылдағыдан бірер күн бұрын бастаса қайтеді? Ылғал ұшып барады.

— Тұқым себу — диқанның творчествосы. Осыны ұмытпайық. Жердің жағдайы, әр күннің ыңғайы есенте болуға тиіс. Күзде жанбыр болды ма?

— Жоқ.

— Қар қалай түсті?

— Жұқа. Және көктемде тез еріп кетті.

— Жер көлемің қанша?

— 43004 гектар.

— Былтыр құрғақшылықта өнім қанша болды?

— Әр гектардан сегіз жарым центнерден.

— Оho! Жарап жатыр. Аптаптың астында қалған егіннен мұншама өнім алсаң шеберлігіне сүйсінуге болады екен. Ал, енді быылғы жайынды айтшы? — деп ол Сұрағановқа сұраулы пішінмен қарап қалды. Құрманғали іркілген жоқ, өзінің зердесінде жатталған цифрларды тәптештеп айтып берді.

— Күзде зябь түгел жыртылған. Қыста екі ізбен қар тоқтаттық. 2650 гектар егістікке минералдық тыңайтқыштар сіңірдік. Аммофос, аммак селитрасы, екі еселенген суперфосфат... Қазір ылғал жабудамыз.

— Биыл өнімің болады. Оған негізін бар екен. Ылғал үшін күрес. Мерзімінен бұрын бастасаң да, кеш бастасаң да ұтыласың. Сондықтан тұқым себуге аса сақтықпен қарау керек. Ол сенің еңбегің, ертеңгі өнбегің, жемісің, жеңісің! — Өз ісіне бүкіл жан дүниесімен берілген адамның жалындап, жан салып сөйлейтін асыл қасиеті болады. Мальцев сондай қайратынан қайтпаған шымыр екен. Әр сөзін дәмдеп толғап, шегелеп жеткізеді, сендіріп сөйлейді. Екеуі едәуір әңгімелесті.

— Диқан еңбегі — творчество! — Қарт ғалым-диқан тағы да қайталап, қадап айтты.

Еліміздің даңқты ғалым-диқанымен кездесу Сұрағановтың еңбегіне өзгеше бір жігер қосқандай болды. Облыс орталығынан оралған күннің ертеңіне Құрманғали бөлімше агрономы Бірімжан Шайпінмен оңаша отырып, биылғы көктемгі егіс жайын көп сөз етісті.

Ал, биылғы жыл кімге болсын ой саларлықтай салмағы мол белес болатын. Оныншы бесжылдықтың беташар жылы. Бұл жылды толымды табыспен атау әрбір совет адамының мұратты мақсатына айналып отыр. Бесжылдықтың бірінші баспалдағы жеңіс блігіне бастаса, одан арғы жол да жақсылыққа жалғасарына сенім молая түспек. Биыл Отанымызды жана табыспен қуантайық! Осындай толғау станок басындағы жұмысшының да, кірпіш қалаған құрылысшының да, дала дауылпазы атанған диқан мен малшының да жүрегінде жанғырық тауып жатыр. Мына Сұрағановтар соны ойлайды.

— Биылғы жыл ауыр болуы мүмкін деп Мальцевтің өзі бәрімізді сақтандырып, ойландырып тастады. Табиғаттың қандай болсын қаталдығына қарсы тұрар шеберлік керек деді-ау, кәрі тарлан. Сұрағанов сыртқа үнілген қалпы өз-өзінен сөйлеп тұр. Ішкі әлемінің алай-дүлей сезімі ақтарылып жатыр еді.

— Жыл ауыр екені анық. Менің агроном болғаныма жиырма жыл. Осы уақыт ішінде дәл былтырғыдай құрғақшылықты, дәл биылғыдай көктемді кездестіргенім жоқ, — дейді Бірімжан да ішкі бір күдіктен арыла алмай.

— Былтыр жаз бойы жаңбыр болмады.

— Қар кеткелі тамшы көргеніміз жоқ. Жердің қара топырағы көтеріліп барады.

— Ақыры не болар екен? Осылай тұра берер ме екен?

— Тұра берсе не істейміз? Соны ойластыру керек. Қапы қалмайық. Жүр, даланы бір аралап келейікші.

Екеуі бөлімше басқарушысының жеңіл машинасына мініп егістік алқаптарға тартты. Дала шынында да кімнің болсын көңіліне күдік үйіргендей аласапыран бір дауыл құшағында еді. Батыстан соққан өткір жел, көк күмбезіне шелдеген шөкімдей бұлт болса соны түтелеп, қайдағы қиянға қуалап әкетеді. Көктем нісін әкелетін орман құшағы да буазыған бүршігін жара алмай сидіған бұтақтарын суылдатып ысқырық соғады. Жол табандарындағы саздауыт жерлердің кемерін әдіптеген көк қылтанақтар ғана қылтияды. Қар кете ескен жел, алғашында көктем хабаршысы ретінде арқаға жылы соғушы еді, енді қазір әбден шаң үйіріп, ұзақ сарнап үілдейтін болып алды. Егістіктердің қара жондары да көрінеу көзге бірте-бірте қоңыр тартып ылғалынан айырылып бара жатқаны алыстан шалынады. Бұл жақсы нышан емес.

Бөлімше басқарушысы мен агроном бір сәтке оң қанаттағы қырқаға көз салды да, қадалып аңтарылып қалды. Жер бетінен көтерілген қалың шаң көкжиекті тұтас кептеп, бейнебір қыстың қарлы бораны сияқты бұрқанып алыпты. Топырақ бораны! Екеуінің де жүздері қабарып, қабақтары қатпарлана қалған.

— Аналардың қылығын-ай!

— Жай жатқан жыланның құйрығын басқан деген осы! Борандатуын-ай! Екеуі күйініп кеткендей болды. «Москвич» те солай қарай бұрылып, газ басыла түсті. Әлгі шаңның себепшісі қырқада ылғал жауып жүрген екі трактор екен. Бұлар салдыртып отырып жетіп келіп көлденеңдеп тоқтағанда, тракторшы да өз қылығының қиғаштығын түсінсе керек, кабинадан алақапын жайып ақтала түсті.

— Норма, норма деп бізді қысады. Мынадай боранда көз аша алмайсың.

— Боранды көтерген өздерің. Шырағым-ау, жерге обал болды ғой, — деп Құрманғали бар ашу-ызасын айғайламай-ақ жеткізді.

— Ылғалды тоқтатып жатқан жоқсың, ұшырып жатырсың ғой.

— Мынауың масқара! Тоқтат! Дала қосына тарт!

Осы оқиға кешкісін дала қосында бүкіл тракторшылардың төрт көзі түгел жиналғанда, үлкен әңгіменің арқауы болды. Бөлімше басқарушысы, агроном, бригадир бейне бір майдан жорығының стратегиясы мен тактикасын белгілеген командирлер кейіпті болатын. Әрбір учаскенің анықтамасы айтылып, орналасқан жері, топырағы, қысқы қарының қалыңдығына дейін есепке алынды.

— Ылғалды неше рет жаптыңдар деп ауданнан бір агроном сұрап кетті, — деді тракторшылардың бірі.

— Ол сұрай берсін. Сұрау оның міндеті де шығар. Ал, егінді сепкен соң өсіру, өсірген соң мол өнім алу біздің міндетіміз. Қазір бізге ылғал қымбат. Бір тамшы ылғал есепте болуға тиіс. Академик Мальцевтің кеңесі осындай. Былтырғы қуаң топырақтан қардың кішкентай ылғалын ұшырып алсақ, күзде күрек ұстап қаламыз ғой. Сондықтан да күн қызып, жел көтеріліп тұрғанда ылғал жабуды тоқтатыңдар! — деді Сұрағанов бпылғы бір ерекшелікті қатты ескертіп.

— Жылда ештеме етпеуші еді ғой.

— Бұл шаңды бпыл ғана көріп отырғанымыз жоқ, — десіп қалып еді бірер тракторшылар, бөлімше басқарушысы үзілді-кесілді тыйып тастады.

— Оған жол берілмейді! Бпылғы жыл ерекше.

— Ылғал жаппаймыз ба?

— Ылғалды жел саябырлағанда кешке және түнде жабамыз. Осыған көшетін боламыз.

— Бұрын бұл жұмысты түнде жүргізбеуші еді ғой.

— Істің мүддесі түнде жүруді қалап отыр. Жаңбыр болмаса тұқымды да түнде себеміз. Уақыт өтіп барады, — деп Құрманғали тракторшыларға тұқым себудің қауырт болар қалпын аңғартты. — Біз бәріміз де егіс басында боламыз. Сеялқаға да тұрамыз.

Айткандай-ақ өткен көктемнің қарбаласы қандай болды десеңізші. Тұқым себуге кіріскенде де бір тамшы сіркіремей, көк жүзі сұрғылт бұлтпен қабарды да тұрды. «Уақыты жетті! Бір минут қымбат!»— деп тұқым себуге бүкіл ауыл аяғынан тік тұрып, бір кісідей жұмылған шақтағы қайрат қимылды көрсеніз, шіркін! Көктемнің қап-қара салқын түнін түріп танаптарда сансыз жарықтар жосылды. Тұқым сепкен, жер өңдеген, тұқым тасыған, сеялқалардағы адамдарды алмастырған, аспаздарды әкелген трактор, машиналар түні бойы қат-қабат сабылып, егістік үстінде жаңғырығы жапанды дүрілдеткен ұлы дабыл дүңкіп тұрды.

— Ұйқы артынан!

— Ертең ұйқыға күн табылар. Бүгін дән жарықтықты құтты құндағына қондырып алайық! — десіп білек сыбана көз ілмеді ғой Сұрағановтың өзі бас болып.

— Дәнді дақылдар дер кезінде 15 май мен 25 май аралығында түгел себілді, — деп бөлімше агрономы Бірімжан совхоз парткомына қуанышпен хабарлады. Ал, бөлімшенің егінді алқаптарында тап-таза болып тұнып, қап-қалың көк өркен желкілдеп көтерілгенде оның кеудесінде ән тасып жүргені де рас еді. Бөлімше егістіктерін аралаған арнаулы комиссия барлық танаптарға Сапа белгісін бергенде, Құрманғали құттықтаушылардың қолпаштауына тым желпініп кетпей, сабырмен ғана езу тартты:

— «Құйып алмай қоймаға, астығым бар деп ойлама», — демеуші ме еді. Енді соны ойлаймыз да!

Егінді алқапты аралап қайтқан үлкен де, кіші де ауыл дикандарының бпылғы ерлігіне шыныммен таңданып, тамсанып жүрді.

— Еңбегі жаңған екен жігіттердің!

— Кііздей тұтасқан қалыңын қайтерсің!

— Масағы кере қарыс!

...Міне сол кере қарыс масағы майыса ырғалып, киіздей қалың тұтасқан сарыала толқынды қақ жарып,

сұрғылт «Москвичтің» рулінде Сұрағанов күз түнінде тағы келе жатыр. Оның ендігі әңгімесі әсем ырғақпен үйлесе кететін дала дастаны сыпатты болса да, қабағынан әлі мазасыздық бұлты сейіле қоймапты. Ырыс теңізін ақтарып, бітік шыққан мол астықты ысырапсыз жинап алу жорығының дабылы, көктемгі керемет үрдістен де ұранды естілетін сияқты. Тіпті кірпік ілдірмейді десе де болғандай. Тынымсыз жортады. Дән дариясының қуатты сарыны көкірегіне күмбірлеп күй болып құйылатыны да бар. Ондайда қанаттанып, қайраттанып кететінін қайтерсіз.

Алдан комбайндардың жарығы көрінді. Жанындағы жас жігіттер қозғалақтай бастады.

— Жақсылық, әкенің бнылғы міндеттемесін білесің ғой? — деп бөлімше басқарушысы комбайншы көмекшілерінің біріне қарады.

— Он мың центнер.

— Он мыңды бныл әркім бастырады. Енді 12—15 мыңды атау керек. Мына кәрі тарландар сендерге сын айтып жүрмесін, — деп Құрманғали жымнып жастарды бір шолып өтті. Мұның әншейін тегін қарас емес, «сендердің жалынды жігерлерің керек» дегендей үмітті тілек болатын. Бөлімше басқарушысы манадан бергі әңгіменің ұзын ырғасын осылай шебер иіп әкеліп, жігіттердің бойында қайрат ұшқынын шымырлатып қойды. Баппен сөйлеп отырып байыпты жеткізді ойын. Жастар да оны анық ұққан.

— Үйренуден жалықпасыз.

— Жұмыстан шаршадық демеспіз, ағасы. Олар үйретуден қажыдық деп жүрмесе? — Жақсылық пен Болат қатар үн қатты. Жауаптары орнықты. Діқан еңбегінің ыстық-суығына бейіл берген қайратты қырандардың тұғырдағы сілкінісі сезілгендей еді.

— Қазақстан алғаш миллиард берген жылы сіз комбайнда болдыңыз ба? — дейді артта отырған Жетпіс Сүгірбаев сөзге араласып. Ол да бныл өмірінде тұңғыш

рет дала кемесінің тұтқасына не болып, дән дариясын кешіп жүр. Еңбек Ерінің, ауыл ағасының әр сөзі оған сырлы хикая, ғибратты өнеге болып көрінеді.

— Ол 1956 жылы ғой. Онда мен комбайншы едім, 8 мың центнер астық бастырдым. Сол еңбегім үшін «Құрмет белгісі» орденімен наградталдым.

— Комбайн ескі болды ма?

— Әлде ол кезде...— Бөлімше басқарушысы әлгі көрсеткішті жас достарының олқы көріп отырғанын бірден ұқты.

— Әрине, сегіз мың центнер бүгінгі таңда олқы көрінуі мүмкін. Ал ол кезде жаман көрсеткіш емес еді. Қазір техника да, шеберлік те шыңдалды ғой.

«Москвич» сабан шөмелелерін қуалап, алда көрінген қос комбайнға қатарласып барып тоқтады. Бүкіл тұла бойы тұтас солқылдап, шаң сілкіп тұрған комбайнның алды-арты мол төгілген жарық. Жоғарыдан түсіп келе жатқан Елубай Әбілмәжіновтың ұзын көленкесі жарық жеткен жерге дейін ербедеп, түнгі бір алыптын тұлғасын елестеткендей болды. Ол үйге жиналған ыңғаймен үсті-басын қағынып болып барып жақындады.

— Бүгін неше бункер жөнелттіңіз? — деді Жақсылық әкесінен комбайнды қабылдап жатып.

— Отыз бес.

— 700 центнер жөнелткен екенсіз ғой.

— Сол маңайда, аспаса кем емес. Бидай таза ғой, салмақты шығар.

Елубай Әбілмәжіновтың комбайнының штурвалында қызыл жалауша желбірейді. Жасы елуді елшілеген ол отыз жылға жуық техника тізгінін ұстаған кадрменді механизматорлардың бірі болатын. Еңбек Қызыл Ту орденінің несі жыл сайын орақта озып жүретін жақсы дәстүрінен айныған емес. Биыл да солай. Мына жалаушаны орақ басында Құрманғали өз қолымен қадап елі, содан бері қолдан түсірген жоқ. Қазір баласы Жақсылықты көмекшілікке алып, жарыстың көш басына суы-

рылып шықты. Оның қасында қанаттаса жүрген Масғұт Сабыров та майталмандардың бірі, «Құрмет белгісі» орденді жігіт. Қомбайнға мінгеніне он жыл. Содан бері мына Елекенмен жарысып, кеуделесіп келеді. Еңбек Қызыл Ту орденді комбайншы Назым Низамов, байырғы механизаторлар Мендібай Қалиев, Ахат Халықов, Қазбек Аймырзин сынды диқаншы азаматтарына да Құрманғалинық сенімді. Қазір бұлардың бәрі де алғы саптан табылуда. Трактор-егіс бригадасының бригадирі Жақия Сәкеновтың бұл күнгі еңбегі де ерекше. Бөлімше басқарушысы соның бәрінің кәдір-қасиетін, бедел-бағасын бес саусағындай жетік біледі. Олар да Сұрағановты талай жылдан бері ауыл ағасы, білікті диқан деп ұстаз тұтады. Сол себептен болар бұлардың арасындағы әңгіме бүкпесіз ашық, жайдары-жарқын келеді. Бір-біріне бағыштаған қамқор көңілдің, қалтқысыз бейілдің лебі еседі одан.

— Құрманғали-ай, балаларға арнап хат жазамын деп бәлеге қалмасаң игі еді, балаларды алақанға салып әлпештеуге айналыпсың ғой? — деп Елұбай бөлімше басқарушысының қасына отырып жатып, әзілін ала келді.

— Өзің қалжырауды ұмытқансың ба, әлі қутындайсың? — деп Құрманғали да мырс етіп, кәрі тарланның жүзіне сүйсіне қарады.

— Сені көргенде рас ұмытып та кетемін. Ал, өзің ше? Түн баласында тыным алуға болады ғой.

— Елудегі сендер темірмен алысып жатқанда, қырық сегіздегі біз қалай тыныш ұйықтайық. Әлгі әзіліңнің жаны да бар. Осы балаларға саусақпен нұқып көрсетпей, білегінен ұстап жүрегіне жеткізейін дейсің ғой, баяғы. Ертең ер жетіп, есін жинаған соң Алтын Жұлдыздың шапағатын көрмедік-ау деп жүрмесін.

— Оның рас. Қазіргі балалар айтқанды ұнатпай, қолмен көрсеткенді қалайтыны бар. Осы бір ойланатын нәрсе.

— Бәрі өзімізден шығар.

— Солай ғой. Екеуінің әңгімесі кең аңғарға өріс алып тереңдеп бара жатты. Бірін-бірі терең ұққан жандар көсіле сөйлейді. Кішкентай көріністен бастап, жас ұрпақ тәрбиесі тәрізді толғаулы тақырыпты тармақтап кетеді. Жаңағы Елекең айтқан әзілдің төркіні, жақында облыстың атақты диқандары — Социалистік Еңбек Ерлерінің орақты өткізу жөнінде жастарға арнаған хаты болатын. Ол хатқа Құрманғали да қол қойып, жастарды ораққа белсене араласуға шақырған. Кәнігі комбайншы әзілдесе де, Құрманғалидың жастарды қырандай-ақ баулып жүрген қылығына іштей разы. Сүйсіне мақұлдайды.

Түнгі сағат он екіден аса комбайншылар тамағын да ішті, көмекшілер ауысып та болды. Түн жамылған далада, көкте сыңсыған сансыз шырақтармен таласып жер жұлдыздары — дала кемелері бірқалыпты басылмас ырғақпен екпіндеп бара жатты. Бір қырандау тұсқа көтерілгенде машинаны тоқтатып, екеуі түн салқынына кеуделерін тосты. Ояндағы көп оттар жоғарыдан қарағанда соншалық әсерлі де әсем көріністі көлденең тартады. Қара мақпал түн маужырап бүкіл дүннені ұйқылы құшағына шым батырып бара жатқандай қоюлана түседі. Сол қалың түнектің төсінде қос-қос жарықтары қиғаш-қиғаш шарпысып, бірін-бірі үзенгілеген дала кемелері тізіліп, қайнаған қауырт еңбектің екпінін әкеледі. Толас таппайтын гүлі ұзақ толқын, ырғала шапшып жатқан тәрізді.

— Осы жерде спырмен жер жыртып едік-ау!

— Мына комбайндар арман еді ғой. Екеуінің осы бір қысқа қайырылған үзіктей сөздерінде ұмыт болмаған ауыр күндердің, соғыс зобалаңының еске оралар көріністері бар еді.

Кешікпей соңында қос қызыл нүкте жылтыраған жеңіл машина ауылға қарай зымырап, түн тұңғығына сіңіп бара жатты.

Дән теңізінде қызыл арайы толқып, таң атып келеді. Алтын күз бейне бір диқан көңіліне қаяу түсірмейін дегендей-ақ, аспан аясына ақ жібек ұшпа бұлтынан басқа нөсерлі нокат үйіріп көрген жоқ. Нағыз бір мизам ұшқан мамыр күз шуақ төгіп тұр еді. Сөзі серпінді естілетін егінші қауым осыған қуанышты. Дала қосының басы қазір қарбалас қазанындай қайнап жатыр. Түні бойы тоқтамай сілтеген комбайндар, теңізден оралған кеме-лердей қаңқиып тізіліп тұр. Асығыс қимылдардың бәрі солардың маңына ауысқан. Реттеуші-шеберлер де, механик те, бригадирдің көмекшісі де комбайндар жапында. Тез-тез күтіп, баптап тағы да айқас айдышына аттандырғалы жатыр. Түні бойы сабылған бөлімше басқарушысы да, бригадир де, агроном да осында тоғысып тұр. Комбайншыны қанатын қомдап, тұғырына нық қондырып жібергенше көңілдері тыншу таппайтын тәрізді.

— Амандық болса теңіздің де түбі көрініп қалды. Орақ бітті ғой. Енді ертеңгі егінді ойлау керек, — деп Сұраганов бригадир мен агрономға сабанды шашау шығармай жинау, зябь жыртуға тракторларды көптеп қосу шараларын қадағалап жатты.

— Сіз кеше радио тыңдаған жоқсыз ба? — деді Бірімжан бөлімше басқарушысына бір жаңалық айтуға оқталғандай кейіппен бұрылып.

— Жоға. Оған уақыт бар ма?!

— Кеше түсте шай ішіп отырып радионы бұрасам Алматы сөйлеп жатыр екен. Сіздің досыңыз Василий Петрович Химич туралы айтты.

— Иә, ол сабаз қалай екен? — деп Құрманғали да жүзі жылып, әлгі сөзді тереңдет дегендей ықыласпен қарады.

— Олар да жақсы көрінеді.

— Гектарынан 24 центнерден ғой деймін, шалыс ес-тімесем.

— Біз алда екенбіз ғой.

— Жарады онда, — десіп үшеуінің реңінде де таң шұғыласындай нұр жүгіріп өтті. Осыдан бірер жыл бұ-рын Көкшетау облысынан трактор-егіс бригадасының бригадирі Социалистік Еңбек Ері Василий Петрович Химич Сұрағановты (онда бригадир болатын) социалис-тік жарысқа шақырып, екеуі серт байласқан-ды. Бір-бі-рінде қонақ болып, жарасты дикан достығы тамыр тартқан еді. Жаңағы жаналық сол дастан жеткен хабар-дың бір ұшқыны. Құрманғали оған да мерейленіп қалды.

— Биыл шынында да еңбектің жанғаны ғой!

— «Еңбек түбі — зейнет» деп бекер айтылмайтын шығар! — Үшеуі де орақтың етек-жеңі сәтті қайырылып келе жатқанына көңілдері тойған қалыпта.

— Ана комбайндар неге кетпей тұр енді? — деп Құр-манғали жаңағы дала кемелерінің қатарына шола қарады.

— Әлі майлап-баптап болмаған ғой.

— Бөлінген уақыт бір сағат па, екі сағат па, содан бір минут асырмау керек. Біздің ырғалып-жырғалуымыз көбейіп кетеді де, артынан төгіліп-шашылып жатсақ, жауын-шашынға жаба саламыз. Сағатпен жұмыс істей-міз деп «Николаев» совхозы бастама көтерді ғой. Сол сағат енді бізде де қалыптасады. Қалыптастырамыз. Өйтпейінше болмайтыны айдан анық болып тұр. Биыл бастадық, ендігі жылы темірдей тәртіп етіп қалыптас-тырамыз. Мәселені кейде қабырғасынан қауырт қоймаса кейбір кемшіліктер аяқтан шалып қалмайды. Жақня, аналарды барып жөнелтші. Ұрсып қадалудың қажеті жоқ. Жай ұқтыр. Тез жөпелуіне өзің көмектес. Олардың еңбегін ешкім олқы көріп жатқан жоқ. Уақыт зая кет-песін дейміз.

Бригадир комбайндарға қарай жедел басып жөнелді. Құрманғали енді агрономға бұрылды.

— Егін деп жүргенімізде, сүт кеміген сияқты. Қазір мен жайылымға барып таңғы сауынды тексеремін. Жем жеткілікті, шөп жақсы. Мұның сырын дұрыстап тексермесе болмайды.

Орақ дабылы енді-енді жеңіс жалауын желбіретіп диқан жүрегін жай таптырар мезет жақындаған осы шақта, бөлімше басқарушысы сан сала жұмыстың тағы бір қауырт арнасына аттанып бара жатты. Тағы да жол... таусылмайтын жол. «Өмірің сенің — үлкен жолын. Ол жолда қос қанатың еңбек болса ғана жұлдызың жанады. Жылың болсын, жігітім!» — деп еді сонау соғыс біткен жылы Баян МТС-інде өзіне көмекшілікке алған ұстазы комбайншы Николай Стратонович Ребрый. Қиындығы мен қуанышы, жеңісі мен жемісі қабат өрілген еңбек жолы еді Құрманғалиды даңқ биігіне көтерген.

Арада екі-үш күн өтпей Құрманғали Сұраганов облыс орталығына шақырылды. Бұл шақта Қазақстанның 1 миллиард 120 миллион пұт астығының даңқы дүннені елең еткізген. Ал облыс егіншілері Отан қоймасына 121 миллион пұт астық құйып, өз серттерін әлдеқайда асыра орындап шықты. Мұндай еңбек жеңісі Есіл өңірінде бұрын-соңды болған емес. Дән дариясының тасқындағанын танытатын биік белес еді бұл. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежнев жолдас осы оқиғаға байланысты облыс еңбекшілеріне құттықтау хат жолдады. Астықты алқаптың сан тарау қиырынан жол тартып, облыс орталығында тоғысқан дала қаһармандары — орақ ерлері тамаша еңбек жеңісіне арналған митингіге жиналып еді. Көне Қызылжардың көшелеріне дейін алтын масақпен көмкеріліп, даланың төсін дүрілдетіп жеткен диқан ерлігін мақтан етіп тұрғандай болатын. «121 миллион пұт» деген қастерлі цифр заңғар үйлердің төбесінде от болып жанады, көшелердің құшағына сыймай қаланың қақ төрінде сонау биікте ірі-ірі әріптермен өр-

нектеліп жұлдыздардың жарығымен таласады. Құрманғали талай күнгі ұйқы-күлкісіз қиын-қыстауларды ұмытқандай, бойы жеңіс буымен желпініп айналасына асқақ сезіммен қарайды.

Салтанатты митинг облыстық драма театрының зәулім шаңырағы астында өткізілді. Көктемдегідей бұл жолы да даңқы даңғайыр диқандар жиналыпты. Ол жолғыдай емес бүгін олардың жүзінде қуаныш оты ойнайды. Құттықтаулары да ықыласты, күлкілері де күміс сынғырлы. Еңбек жеңісінің мерейлі мерекесі тәрізді болатын бұл салтанат. КПСС Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат, Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің бірінші секретары В. П. Демиденко орақ ерлерін тамаша жеңіспен құттықтап, үздік көрсеткіштерге жеткендердің есімін паш етті.

— Сергеев ауданындағы «Припшим» совхозының Социалистік Еңбек Ері Құрманғали Сұрағанов басқаратын үшінші бөлімшесі әр гектардан 26 центнерден өнім алды! — Дүрілдете қол соғылғанда театрдың кең күмбезі көпке дейін күмбірлеп тұрды. Қайта-қайта қол соғылды. Қарапайым диқан еңбегінің құдіретіне көрсетілген бұл қошемет, Құрманғали көкірегінде өмір бойы ұмытылмайтын құдіретті күй тәрізді терең шымырлаған болатын.

Бахыт Мустафин

КУРМАНГАЛИ СУРАГАНОВ

ОЧЕРК

(на казахском языке)

Редактор *Х. Байназарова*. Художник *А. Дорожных*. Худ. ред. *А. Сергеев*.
Техн. ред. *Л. Цой*. Корректор *Р. Жаканова*.

Сдано в набор 5/V-1977 г. Подписано к печати 15/VII-1977 г. Бумага тип. № 2.
Формат 70×108^{1/2}.—0,875 : 1,22 усл. п. л. (1,02 уч.-изд. л.) УГ06181. Тираж
6000 экз. Цена 5 коп. Издательство «Жалын» 480003 г. Алма-Ата, ул. Гоголя 111.

Заказ № 2235. Типография оперативной и билетно-бланочной продукции
производственного объединения полиграфических предприятий «КІТАП»
Государственного комитета Совета Министров Казахской ССР по делам
издательств, полиграфии и книжной торговли. г. Алма-Ата, пр. К. Маркса, 151.

1977 ЖЫЛЫ «ЖАЛЫН»
БАСПАСЫНАН МЫНА КІТАПТАР
ШЫҒАДЫ:

<i>Бекетаев Қ.</i>	«Сексен сегіз қыз».
<i>Авторлар коллективі</i>	«Алтынтау».
<i>Авторлар Коллективі</i>	«Серт».

ОУНБ Петропавловск



0065 6498